


Аудармаға қойылатын  
талаптар мен ұстарымдар

- ▶ Аударма — бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Тіл ғалымдарының деректерін негізге ала отырып, қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерек, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері. Аударма сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі. Әрі халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы. Аударма халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі. Адамзат аударма арқылы араласып құралады.



# Аудармашыға қойылатын талаптар!

Дж.Драйден аудармашыға төмендегідей талаптар қояды:

- ▶ аудармашы ақын болуы тиіс;
- ▶ 2) түпнұсқа тілі мен өз тілін жетік білуі тиіс;
- ▶ 3) түпнұсқа авторының жеке ерекшеліктерін түсінуі керек;
- ▶ 4) өз дарынын түпнұсқа авторының дарынымен үйлестіруі керек;
- ▶ 5) түпнұсқаның мағынасын сақтауы керек;

- ▶ 5) түпнұсқаның мағынасын сақтауы керек;
- ▶ 6) түпнұсқа мағынасын сақтай отырып, оның тартымдылығын сақтауы керек;
- ▶ 7) аудармада өлеңнің сапасын сақтау керек;
- ▶ 8) авторды қазіргі ағылшынның сөйлеуіне орай сөйлетуге «мәжбүрлеу»;
- ▶ 9) түпнұсқаның «рухын» жоғалтып алмау үшін оның (түпнұсқаның) сөзіне «қатып қалмау» керек;
- ▶ 10) түпнұсқаны тым жақсартуға ұмтылмау

# Ғалымдардың аудармашыға қойылатын талаптар:

- ▶ Ол тек қана жеткілікті түрде түпнұсқа тілінің морфология, синтаксис, лексика және идиоматикасын меңгерумен бірге, өзінің ана тілін, екі тілдік жүйені жақсы түсінетін, терең білетін қабілетке ие болуы тиіс.
- ▶ Сондай-ақ негізгі екі міндетті: аударылатын тіл мазмұнын дұрыс түсінуімен және аударма тілінің құралдарымен сол мазмұнды дәл және толық сәйкестікте жеткізуден тұрады. Бұл талаптар мына жағдайда орындалады:
- ▶ аударма тілінің лексикалық бірлігін түп негізіне дейін білу;
- ▶ аударма тілінің грамматикасын және стилистикасын білу;
- ▶ аударма теориясының негізін білу;
- ▶ аударма техникасын меңгеру (сөздіктер мен анықтамалық материалдарды пайдалана білу қабілеті, аударма дағдылары мен ережелерін игеру);
- ▶ аударма кезінде әдеби тілдің барлық байлығын кеңінен пайдалану;

- аударма кезінде әдеби тілдің барлық байлығын кеңінен пайдалану;
- аудармаға қатысты білім саласын жақсы білу;
- аударма сөзбе-сөз күйінде жасалмауы тиіс, калька жасаудың кез келген түріне жол берілмейді;
- аудармашы реалийлерді және аударма жасалатын елдің өмірі мен тұрмысының нақты жағдайларын білуі тиіс.
- Аударматанудың негіздері және аударма теориясын білу.
- Шет тілі мәтінін түсіну және оны барлық түпнегізіне дейін талдай білу.

- ▶ Аударма кезінде қазақ тілінің барлық мүмкіндіктерін, ұлттық тіліміздің байлығын пайдалана білу.
- ▶ Аудармашылық жұмыста автордың ойлары мен эмоциясын іштей дұрыс жеткізу үшін шығармашылық қабілеті болу.
- ▶ Аудармашы әркез жекелеген сөздерді (бұл сөзбе-сөздік), немесе жекелеген құрылымдарды (бұл калька жасау) жеткізіп қоймауы қажет, автор ойларын, оның барлық қыр-сырларымен бере білуі керек.
- ▶ Аудармашы сөйлемдегі түйінді, негізгі ойды түсініп, аңғарып, біліп, сондай-ақ ең бастысы өзінің ана тілінің құралдарымен тиісті талапқа сай жеткізе білуі тиіс. Аудармашы әрбір сөйлемдегі ойдың орталық элементін бөліп, ажыратып, анықтап ала білуі тиіс.
- ▶ Логикалық екпінді дұрыс жеткізуде түпнұсқа құрылымының жекелеген элементтеріне немқұрайлы қарамауы керек. Аудармашы соған сәйкесетін ұғымдағы дәл сөзді дұрыс таңдай білуі қажет. Бұл үшін синонимдік қатарларды жақсы таңдай білуі әрі оларды дұрыс қолдануы қажет.

# Ұстанымдар:

Этьен Доле аудару кезінде төмендегі бес негізгі ұстанымды қадағалау керек деп есептеді:

- ▶ 1) аударылып отырған мәтін мазмұны мен оның авторының ойын жетік түсіну;
- ▶ 2) пайдаланылып отырған тілдердің қай-қайсысын болса да жетік білу;
- ▶ 3) сөзбе-сөз аударудан аулақ болу, өйткені аударманың бұл түрі түпнұсқа мазмұнын бұрмалап, оның пішін көркемдігін жояды;
- ▶ 4) аударма барысында тілдің жалпы қолданыстағы формаларын пайдалану;
- ▶ 5) сөздерді дұрыс таңдап, олардың сөйлемдегі орын тәртібін қадағалай отырып, түпнұсқа беретін жалпы әсер қалдыру.



Назарларыңызга рахмет!

